



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ БАҒАЛАУ»  
АЛҒАШҚЫ ҰЛТТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
СЕМИНАРЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ**

**19-20 қараша 2018 жыл, Астана қаласы, Қазақстан, «Park Inn by Radisson» қонақүйі**

**19 қараша 2018 жыл**

**КЕСТЕ**

<b>Тіркеу</b>	<b>09.00 – 09.30</b>
<b>№ 1, 2, 3, 6 семинарлары</b>	<b>09.30 – 11.00</b>
<b>Кофеге үзіліс</b>	<b>11.00 – 11.30</b>
<b>№ 1, 2, 3, 6 семинарлары (жалғасы)</b>	<b>11.30 – 13.00</b>
<b>Түскі асқа үзіліс</b>	<b>13.00 – 14.00</b>
<b>№ 1, 4, 5 семинарлары</b>	<b>14.00 – 15.30</b>
<b>Кофеге үзіліс</b>	<b>15.30 – 16.00</b>
<b>№ 1, 4, 5 семинарлары (жалғасы)</b>	<b>16.00 – 17.30</b>

**№1 семинар «Жобалар мен бағдарламаларды әлеуметтік жобалау мен бағалаудағы жүйелік ойлауды пайдалану»**

Соңғы жылдары бағдарламаларды жобалау мен бағалауда жүйелік ойлауды (systems thinking) пайдалану динамикалық түрде дамыды. Бұл мәселеге конференцияларда көптеген жарияланымдар, семинарлар, баяндамалар ұсынылды. Семинарға қатысушылар бағалаудағы жүйелік ойлауды пайдалану қағидаларын талқылайды, сондай-ақ әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды жобаларда және бағалауда пайдалануға болатын бірнеше модельдер мен құралдармен танысады. Атап айтқанда, семинарда қарастырылады:

- Кенэвин Дэйв Сноуден моделі, ол қандайда бір жағдайда екенімізді және белгілі бір жағдайда әсер етудің қандай модельдерін қолданудың дұрыс екенін түсінуге көмектеседі;
- іс-әрекеттер мен олардың нәтижелері арасындағы себеп-салдар байланысын көрсетуге көмектесетін жоба немесе бағдарламаның «өзгеру теориялары»;
- күрделі себеп-салдардың байланысының циклдық сипаты және оны көрсетудің әдістері;



- адамдар, топтар немесе ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесудің ерекшеліктерін түсінуге көмектесетін әлеуметтік желілерді талдау (Social Network Analysis).

Семинар тәжірибе және белсенді талқылауды қамтиды. Семинарға қатысу үшін әлеуметтік жобалауда және бағалауда тәжірибесі бар мамандар шақырылады.

Семинарды Ресейдің, Бағдарламаны бағалау және дамуды ұйымдастыру бойынша халықаралық кеңесші, «Процесс Консалтинг Компаниясы» ЖСК-ның Бас директоры, PhD, Мәскеу қалалық психологиялық-педагогикалық университетінің оқытушысы **Алексей Кузьмин** өткізеді. 1987 жылдан бері басқару және ұйымдық даму бойынша кеңесші қызметін атқарады. 90-жылдардың ортасынан бастап бағдарламалар мен жобаларды бағалау саласына маманданған. Ол Ресей, ТМД, Шығыс Еуропа және алыс шет елдерде шамамен 150 жобаны және бағдарламаларды бағалауды басқарды.

Семинарға тіркелу үшін [сілтемені](#) басыңыз.

## №2 семинар ҰЕҰ «әлеуетін» бағалау бойынша семинар

Семинарда ұйымның «әлеуеті» моделін құрудың негізгі тәсілдері қарастырылады. Бағалаудың аталған әдісі ұйымдардың немесе кластердің күшті және мәселелік бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Әдіс жеке ұйымның стратегиялық даму жоспарын, сондай-ақ ҰЕҰ-ды қолдау жүйесіндегі жеке бағыттарды әзірлеу үшін пайдалануға болады. Ол ұйымның жетілу индексі анықтауға мүмкіндік беретін әмбебап сипаттамалардың жиынтығының болуын болжайды. Белгілі бір сипаттаманың болуы немесе жоқтығын анықтайтын көрсеткіштер «сандық мәнге» жинақталады. Әрбір тапсырыс беруші үшін осы «универсумнан» өз сипаттамаларының жиынтығы маңызды; әрбір аймақ үшін белгілі бір сипаттамалардың өзектілігі өзгереді, ол өтеу индексінің құрамында әртүрлі салмақты белгілейді. Модель КЕҰ-ның өзін-өзі бағалауы үшін де, КЕҰ-ның кластерін сыртқы бағалау үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Семинарды «Қоғамдық бастамаларды қолдау Сібір Орталығы» Аймақаралық қоғамдық қорының бағдарламалық мәселелер жөніндегі вице-президенті, PhD, «Азаматтық бастамаларды дамыту жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» КЕС жобаларының үйлестірушісі **Ирина Решта** өткізеді. Жобаларды әзірлеу, ұйымдық даму, әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды мониторингілеу және бағалау бойынша тренингтерді әзірлеуші және жүргізуші, еріктілер қызметін дамыту бойынша - 100-ден астам тренинг жүргізді. Новосибирск облысының аймақтық саясат министрлігінің жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі.

Семинарға тіркелу үшін [сілтемені](#) басыңыз.



### № 3 семинар «Жобаларды және бағдарламаларды бағалауға кіріспе»

Аталған семинарға қатысушылар жобаның/бағдарламаның өмірлік циклінің түрлі сатыларында бағалаудың рөлі туралы білетін болады; бағалаудың қандай түрлері бар және олардың артықшылықтары мен шектеулері қандай? бағдарламаны/жобаны қалай бағалауға болады деген мәселелерді қарайды.

Семинарда алған білімдер өз жобаларын және бағдарламаларын бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар ең алдымен олардың неге бағалау керек екендігі туралы сұраққа жауап береді. Семинар бағдарламаларды бағалауда оқытудың негізгі деңгейіне арналған.

Семинарды Қазақстандағы «АРГО» Азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығының атқарушы директоры, PhD, жобалар мен бағдарламаларды бағалау бойынша көптеген жылдар бойы тәжірибесі бар сарапшы **Джамила Асанова өткізеді**. Джамиланың жобаларды басқаруда, гранттарды басқаруда, ынтымақтастық туралы келісімдерді басқаруда және қызметтерді ұсынуда, сондай-ақ 300-ден астам тренингтер өткізудің, үкіметтік емес, халықаралық жеке ұйымдар мен корпоративтік клиенттерге кеңес беруде, оның ішінде бағдарламаларды бағалау, тәжірибесі мол.

Семинарға тіркелу үшін [сілтемені](#) басыңыз.

### № 4 семинар «Қаланы тұрақты дамыту және даму процесстерін өлшеу»

Тұрақты қала заманауи, ыңғайлы үлгілі астаналық аудандарға тән сипаттамалар жинағы ретінде түсіндіріледі.

Қаланы тұрақты дамыту үшін басқару менеджерлер мен қалалық қауымдастықтардың, соның ішінде ҰЕҰ-ның келісілген әрекеттерін білдіреді. Бұған мониторинг және бағалау әдістерін қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Семинарда бағалау әдістеріне қала басшыларының және азаматтардың ұстанымдарын біріктіруге қалай көмектесетінін қарастырамыз. Семинар барысында біз бағалау кезінде бағалаушылардың кәсіби сапасын қарастырамыз, содан кейін семинардың әр кезеңінде олар қалай қолданылатындығын көреміз. Семинарды өткізу барысында бағалау әдістерінің маңызды позицияларды анықтауға қалай көмектесетінін талқылаймыз. Бағалауды жүргізу үшін жұмыс әдістерінің жоспарлау матрицасы қалай қалыптастырылатынымен таныстырамыз. Сондай-ақ, бес сапалы бағалау әдісі бойынша ақпараттық нұсқаулық ұсынылады. Семинар Р2Р жобасының 2018 жылғы материалдары бойынша өткізіледі. Материалдарды Канададағы Лаваль университетінің профессоры, Пенел Смитс ұсынды және ол Жоғары мемлекеттік басқару мектебінің (ENAP) қызметкері болып табылады.

Семинарды Қырғызстандағы Ұлттық мониторинг және бағалау желісінің қызметкері **Татьяна Третьякова жүргізеді**. Татьяна Третьякова - Қырғыз Республикасы Ұлттық мониторинг және бағалау желісінің үйлестірушісі. Томск автоматтандырылған басқару жүйелері институтын бітірген, әлеуметтану және психология мамандығы бойынша білім алған. 1999-2001 жылдары БҰҰ Даму Бағдарламасының Қырғызстандағы адам дамуы туралы жыл сайынғы ұлттық есептің авторы. 2000 жылдан бастап Халықаралық бағалау бағдарламасының (IPEN) мүшесі ретінде бағалауды бастады және ұлттық және аймақтық даму стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлейтін жұмыс топтарына, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқаруды оңтайландыру бойынша үкіметтік комиссияларда жұмыс істеді, онда ол саясат және бағалау бойынша сарапшы ретінде қызмет етті, мониторинг және бағалау бойынша курстар мен тренингтерді әзірлеуші болып табылады. 2008 жылы ол



бағалау процесін басқару үдерістерінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру құралы ретінде ұлттық мониторингі мен бағалау желісін құрды. Третьякова ханым үйлестіретін екі негізгі мақсат - мемлекеттік органдармен ұйымдық өзара іс-қимылға ықпал ететін, сондай-ақ үкімет ашықтығын күшейтетін күшті кәсіби сарапшылар қоғамының қалыптастыру. Үшінші Жаһандық форумда Татьяна ұлттық деңгейде бағалауды насихаттау үшін марапатталды.

Семинарға тіркелу үшін [сілтемені](#) басыңыз.

### №5 семинар «Ресейдің үш аймағындағы бюджеттік сауаттылық (RUSSIA BUDGET LITERACY PROJECT) жобасының әсерін бағалауды жүргізу тәжірибесі»

Қазақстанда әсер ету немесе әсерді бағалау әлі де сирек қолданылады. Бұл түсінік жиі пайдаланылады. Көптеген тапсырыс берушілер мен сарапшылар бағалаудың аталған түрін кеңінен қолдану қажеттігі туралы айтады, дегенмен, бұл іс жүзінде қалай жүзеге асатынын біле бермейді.

Семинарға қатысушыларға Ресей Федерациясындағы Бюджеттік сауаттылықты бағалаудың тиімділігін бағалау бойынша «Десанта» қорының тәжірибесі туралы қысқаша ақпарат берілетін болады (Бюджеттік сауаттылық курсы пилоттық тәртіпте 10 сыныптарда 2016-2017 жылдары үш облыста: Алтай өлкесі, Пермь өлкесі және Башқұртстан Республикасы енгізілді).

Келесі тақырыптар қарастырылады және талқыланады:

- Әсерді бағалау дегеніміз не, сондай-ақ нақты жобаладағы әсерді бағалаудың мақсаттары.
- әдістемелік тәсілдер, тәжірибелік және квази-тәжірибелік дизайн. Салыстырмалы және тәжірибелік топтар.
- пайдаланылатын құралдарды таңдау, сауалнамаларды жасау (сұрақ қою, дистракторларды тұжырымдау).
- Кіріс және қорытынды өлшеулер, ықтимал тәуекелдер мен қиындықтар.
- Деректерді өңдеу, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану, статистикалық талдаудың маңыздылығы, талдау әдістерін таңдау (ANOVA, t-критерий, қос айырмашылық әдісі).
- Бағалаудың негізгі нәтижелері, нақтылық.

Семинарда практикалық тәжірибенің презентацияны, қолданылған тәсілдердің түсіндірмесін, қатысушылардың белсенді қатысуын, жұмыс жасауды, топтық талқылауды қарастырады. Семинарға қатысу үшін бағалауды жүргізу тәжірибесі бар немесе тәжірибесі жоқ, бірақ практикалық тәжірибеде қалай жүзеге асырылатындығын білуге мүдделі адамдар шақырылады.

Семинарды **Сергей Гуляев жүргізеді**, Қазақстан, оның 2006 жылдан бастап жобаны бақылау және бағалау саласында тәжірибесі бар, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Ресей Федерациясындағы жобаларды бағалауға қатысқан. КССО төрағасының орынбасары, Американың Бағалау Қауымдастығының мүшесі, жаттықтырушы-кеңесші, жобаларды әзірлеу және басқару саласында 18 жылдық тәжірибесі бар, «Десанта» ҚҚ директоры, Павлодар қ.

Семинарға тіркелу үшін [сілтемені](#) басыңыз.



### №6 семинар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағдарламаларды бағалау әдісі

Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізу дәрежесін анықтау құралы болып табылады. Бағалауды Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары мен мемлекеттік бағдарламаларды бағалау әдістемесіне сәйкес мемлекеттік уәкілетті орган жүзеге асырады. Семинар осы әдістеме туралы толық ақпарат береді. Семинар барысында бір мемлекеттік бағдарламаның үлгісі бойынша семинар қатысушыларымен бағалау жүргізіледі.

**Семинар Бақытгүл Хамбар / Қымбат Ахметжанова жүргізеді**, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Стратегиялық зерттеулер орталығы. Бақытгүл мен Қымбат Қазақстанда стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мониторингі мен бағалауында тәжірибелі. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бағалау және мониторинг жүргізу (2008-2013), мемлекеттік және салалық бағдарламаларды тексеру (2013 ж.), Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бағалау (2015) сияқты жобаларға қатысқан.

Семинарға тіркелу үшін [сілтемені](#) басыңыз.

**Конференция бағдарламасының сәл өзгертілуі мүмкін екенін ескеріңіз. Конференцияға тіркелген қатысушылар барлық өзгерістер туралы дер кезінде хабардар етіледі.**